

"Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № ҚР ДСМ-72 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 тамызда № 23852 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалар бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 174 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10939 болып тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20935 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 3 тамыздағы
№ ҚР ДСМ-72 бұйрығымен
бекітілген

"Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережесінің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленген және өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстардың жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, реконструкциялауға, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға және кеңейтуге, жөндеуге және пайдалануға беруге, күтіп-ұстау мен пайдалануға, адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздерімен жұмыс істеу жағдайларына, өндірістік бақылауды жүргізуге, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуге, сумен жабдықтауға, суды бұруға, жылумен жабдықтауға, желдетуге, ауаны ауабаптауға және өндірістік мақсаттағы ғимараттардағы және құрылыстардағы өндірістік қалдықтарды кәдеге жаратуға, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Санитариялық қағидалар жерасты құрылыстарын және кен қазбаларын, сондай-ақ жұмыс мерзімі бес жылға дейін құрылыс кезеңінде тұрғызылатын уақытша өндірістік ғимараттарға және құрылыстарға қолданылмайды.

3. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) аэрация – құрамындағы органикалық заттарды жылдам тотықтыру үшін әртүрлі орталардың ауамен жасанды қанығуы;

2) ауамен себезгілеу – үй-жайға салқын ауаның, газдың, будың, шаңның түсуінің алдын алуға арналған жергілікті желдеткіш;

3) зиянды заттар – ауадағы рұқсат етілген шекті шоғырланудан (бұдан әрі - РЕШШ) асатын, адамның организміне теріс әсер ететін заттар;

4) зиянды өндірістік фактор – қызметкерге әсері ауруға немесе еңбек қабілетін төмендетуге және (немесе) ұрпағының денсаулығына теріс әсер етуге алып келуі мүмкін өндірістік фактор;

5) объектінің қауіптілік сыныбы – адамның өмір сүру ортасына бөлінетін ластаушы заттардың, адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына қолайсыз әсер ететін, пайда болатын шудың, дірілдің, электрмагниттік өрістердің (бұдан әрі – ЭМӨ) және басқа да факторлар, пайдалану жағдайларына, сипатына және мөлшеріне байланысты, объектіге белгіленетін қауіптілік сыныбы;

6) өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлар – технологиялық жабдықты пайдаланатын және адамдардың еңбегі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірістері орналастырылған өндірістік объектілер;

7) өндірістік объекті (бұдан әрі – объект) – адамның денсаулығы мен өмір сүру ортасына әсер ету көздері болып табылатын процестерді, жабдықтарды және технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын өнім шығарумен, жұмысты орындаумен және қызметтер көрсетумен байланысты шаруашылық қызметінің объектісі;

8) өндірістік бақылау – өндірілетін өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам мен мекендеу ортасы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз етуге бағытталған, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға орындайтын іс-шаралар, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтар кешені;

9) рециркуляция – температураны және қоспалардағы компоненттердің шоғырлануын реттеу мақсатында технологиялық процеске газдар, сұйық және қатты заттар ағымының көп рет, толық немесе ішінара қайтуы;

10) шлам – сарқынды суларды тазарту процесінде алынған, құрамында 60-70 пайызға (бұдан әрі – %) дейін минералды бөлшектер мен органикалық материал бар лайлы шөгінді;

11) шлам үйіндісі – шламды жинау және сақтау орны;

12) экрандалған үй-жайлар – қызмет көрсетуші персоналды ЭМӨ әсерінен қорғау, әртүрлі жоғары вольтты қондырғылар мен генераторлар тудыратын ЭМӨ оқшаулау, қабылдау құрылғылары мен арнайы өлшеу, есептеу және басқа аппаратураны сыртқы ЭМӨ әсерінен қорғау мақсатында радиоаппаратураны пайдалану, монтаждау, баптау және сынау кезінде жабдықталған үй-жайлар.

2-тарау. Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстардың жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, реконструкциялауға, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға және кеңейтуге, жөндеуге және пайдалануға беруге, күтіп-ұстау мен пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1-параграф. Өндірістік мақсаттағы ғимараттарды және құрылыстардың жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, реконструкциялауға, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға және кеңейтуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

4. Объектілер Қазақстан Республикасының сәулет-құрылыс саласындағы заңнамасы мен осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес жобаланады.

Объектілерді салу, реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және кеңейтудің жобалау құжаттамасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-334/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 22007 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-334/2020 бұйрығы) сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптамадан өтеді.

5. Жаңа объектілерді тұрғызуды және (немесе) қолданыстағы объектілерді Өзгертуді (кеңейтуді, жаңғыртуды, техникалық қайта жарақтандыруды, реконструкциялауды, реставрациялауды, күрделі жөндеуді) қоса алғанда, құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманың құрамы "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жаңа объектілерді салуға және қолданыстағы объектілерді кеңейтуге арналған алаңдар климаттық жағдайларды, жер бедерінің сипаттамаларын, ауа ортасының қазіргі

жағдайын және қазіргі бар фондық ластануды, қалдығы аз және қалдықсыз технологияларды енгізуді, сондай-ақ тұрғын, рекреациялық, курорттық аймақ, халықтың демалыс аймағының атмосфералық ауасындағы шығарындыларды болдырмау (азайту) бойынша арнайы іс-шараларды ескере отырып таңдалады.

7. Өндірістік объектілерді орналастыру елді мекеннің кәсіпорынға және СҚА-ға бөлінген жерлер көрсетілген бас жоспарын есепке ала отырып жүргізіледі.

8. Жаңа объектілерді рекреациялық аумақтарда, сумен жабдықтау көздерін санитариялық қорғау аймақтарында, суды қорғау және су қоймасы маңындағы аймақтарда, курорттардың қорғау аймақтарында орналастыру Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (бұдан әрі – "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Жекелеген ғимараттар мен құрылыстар объектінің алаңында желдету және кондиционерлеу жүйелерімен ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған ауа алу орындарында сыртқы ауадағы зиянды заттардың құрамы "Қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіптік ұйымдар аумақтарындағы атмосфералық ауаның гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29011 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-70 бұйрығы) сәйкес өндірістік үй-жайлардың жұмыс аймағы үшін РЕШШ-нің 30%-нан аспайтындай етіп орналастырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Объектінің аумағында мынадай функционалдық аймақтар:

- 1) өндірістік;
- 2) әкімшілік-шаруашылық;
- 3) көлік-қоймалық;
- 4) қосалқы объектілер бөлінеді.

11. Зиянды заттарды пайдаланатын объектілер, әкімшілік-шаруашылық және қосалқы аймақтар өндірістік және көлік-қоймалық аймақтардан ені шекаралас өндірістік ғимараттардан туындайтын циркуляциялық аймақтың енінен кем емес ажыраулармен бөлінеді.

12. Зиянды заттарды пайдаланғанда технологиялық жабдықтарға арналған ғимараттар мен ашық алаңдардың ұзын біліктері желдің басым бағытына параллель болуы тиіс.

13. Құрылыс салудан және жолдан бос объектілердің аумақтарын абаттандыру және көгалдандыру "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26447 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығының (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-2 бұйрығы) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Өнеркәсіптік объектінің СҚА аумағында № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен көзделген объектілерді салуға жол берілмейді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Зиянды химиялық заттар мен физикалық факторлардың көздері болып табылатын технологиялық қондырғыларды, құрылғыларды, агрегаттар мен жабдықтарды жұмыс орындарында "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-15 бұйрығы) және № ҚР ДСМ-70 бұйрығы сақталған жағдайда ашық алаңдарда орналастыруға жол беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Шаң-газ тазарту және жергілікті тазарту құрылыстарын, рұқсат етілген өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинауға және уақытша сақтауға арналған орындарды, сондай-ақ қалдықтарды залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі құрылғыларды қоса алғанда, негізгі және қосалқы құрылыстарды орналастыруға арналған өндірістік объекті алаңының көлемі жобалық қуатқа сәйкес көзделеді.

2-параграф. Өндірістік мақсаттағы ғимараттарды мен құрылыстарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

17. Әрбір тұрақты және тұрақты емес жұмыс орнының ауданы кемінде 2,2 м² (бос алаңдарының көлемі арнайы талаптарда жазылатын кабиналар мен объектілерді қоспағанда) көзделеді. Осы норматив жабдықтар, қызмет көрсету аймақтары, өтетін жолдар, жүретін жерлер, аралық жинау орындары мен өндірісті кейіннен кеңейтуге арналған резервтегі алаңдар алып жатқан аудандарға қолданылмайды.

18. Жұмыс орнында негізгі және қосалқы жабдықтарды орналастыру тұрақты немесе уақытша жұмыс орындарын (профилактикалық тексеру, технологиялық жабдықты жөндеу және реттеу кезеңінде) құру үшін көлемдері бойынша жеткілікті өтетін жерлер мен бос алаңдарды, сондай-ақ жұмыскерлердің қызмет көрсету аймағында еркін қозғалуын қамтамасыз етеді.

19. Монтаждауға (демонтаждауға), жабдықтарға қызмет көрсетуге және жөндеуге байланысты еңбек операцияларын орындау кезінде жұмыс аймағының ең аз өлшері (жабдықтан жұмыс аймағының шекарасына дейін) 1,2 метрді құрайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Ғимарат ішіндегі жекелеген үй-жайлардың өзара орналасуы, егер бұл технологиялық процесті ұйымдастыруға қайшы болмаса, шикізаттың, аралық және дайын өнімдер мен бұйымдардың қайтарымды немесе қарама-қарсы қозғалысын болдырмайтын технологиялық ағынға сәйкес бөлінеді.

21. Егер бұл табиғи ауа алмасу мен жарықтандыруды бұзбаған жағдайда, өндірістік ғимараттардың сыртқы қабырғаларына жапсарлас құрылыстар салуға жол беріледі.

22. Бу, газ және шаң түріндегі зиянды заттарды бөлмейтін ыстық технологиялық процестермен сипатталатын объектілерді орналастыру үшін бір қабатты ғимараттар немесе табиғи басқарылатын ауа алмасуды (аэрацияны) қамтамасыз ететін қабырғалары мен шатырының конструктивті элементтері бар көп қабатты ғимараттардың жоғарғы қабаттарын көздеу қажет.

23. Зиянды заттар бөлінетін жағдайда, механикалық ішке сору және сыртқа тарату желдеткіш жүйесі, сондай-ақ технологиялық процестерді ескере отырып жергілікті желдету жүйелері көзделеді.

24. Жұмыс аймағының ауасына қауіптілігі 1 және 2-сыныпты заттар бөлінуі болжанатын өндірістік объектілерде технологиялық жабдықты оқшауланған үй-жайларда немесе осы жабдықты пульттік немесе операторлық аймақтардан басқаратын аймақтарда орналастыру көзделеді.

25. Бірғимаратта қауіптілігі 1 және 2-сыныпты зиянды заттармен жұмыс жүргізілетін бірнеше өндірістерді орналастырған кезде улы заттардың көп компонентті

қоспасының түзілуіне және олардың көрші өндірістік үй-жайларға таралуына кедергі жасайтын құрылыс шешімдерін қолдана отырып, әрқайсысын оқшаулау қамтамасыз етіледі.

26. Терезесі және жарықтандыру шамы жоқ ғимараттарды салуға, табиғи жарығы жеткіліксіз жертөледе және цоколды қабатта тұрақты жұмыс орындары бар өндірістік үй-жайларды орналастыруға жол беріледі.

Бұл ретте мыналар:

- 1) жасанды жарықтандыру;
- 2) ультракүлгін сәулеленуге арналған құрылғы;
- 3) жұмысшылардың қысқа уақытқа демалуына арналған бөлмені жасанды жарығы бар (жасанды жарық коэффициенті кемінде 0,5 %) жұмыс орнынан 100 м алыс емес арақашықтықта орнату;

- 4) осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес тұрақты қолданыстағы мәжбүрлі желдеткішпен қамтамасыз ету көзделеді.

27. Технологиялық және энергетикалық жабдықты ашық алаңда орналастырған кезде жабдықты пультпен басқаруға және жұмысшылардың демалысына арналған үй-жайлар көзделеді.

28. Өндірістік ғимараттарда ішке сору желдеткіш камераларына арналған алаңдар бөлінеді. Ішке сору камераларына кіретін жер үй-жайдан, дәлізден, тамбурдан немесе сырттан көзделеді. Ішке сору камераларында бөгде заттардың болуына жол берілмейді.

Ішке сору желдеткіш камерасына сыртқы ауаны жинау жерден 2 м төмен емес биіктікте жүргізіледі.

29. Басқару пульттерінің үй-жайларында, санитариялық-тұрмыстық қондырғыларда және жаяу жүретін туннельдерде зиянды сұйықтықтар мен газдарды тасымалдауға арналған құбырларды, сондай-ақ транзиттік бу құбырларын салуға жол берілмейді.

30. Жылытылатын өндірістік үй-жайларқабырғалар мен төбенің ішкі беттерінде конденсаттың түзілуін болдырмауды көздейді Ылғалды режимі бар үй-жайлар үшін бұл талаптан бас тартуға жол беріледі.

31. Ашылатын терезелермен немесе жарық шамдарымен жабдықталған ғимараттарда еденнен немесе жұмыс алаңынан басқарылатын ашық ойықтың шамасын реттеуге арналған механизмдер, сондай-ақ терезелерді, шамдар мен жарықтандыру арматурасын тазалауға арналған, осы тәрізді жұмыстарды ыңғайлы және қауіпсіз орындауды қамтамасыз ететін алаңдар мен механизмдер көзделеді.

32. Үй-жайларды және жабдықтарды түспен безендіру шағылудың барынша аз коэффициентін (0,4-тен артық емес) ескере отырып орындалады.

33. Жаңа және реконструкцияланатын ғимараттарда сыртқы қоршаулар арқылы, сондай-ақ технологиялық көздерден жұмыс аймағына жылу мен суықтың артығымен түсуін азайтуға бағытталған іс-шаралар көзделеді.

34. Жылытылатын үй-жайларда тұрақты жұмыс орындарында түрегеп тұрып жұмыс істеген кезде еденге төсеуге арналған материалдың жылу сіңіру коэффициентін сағатқа көбейтілген және градусқа көбейтілген шаршы метрге 6 килокалориядан ($\text{ккал/м}^2\text{-сағ.град}$) артық емес немесе ағаш қалқандармен не жылудан оқшаулайтын кілемшелермен жабуды көздеу қажет.

35. Агрессивті сұйықтықтардың (қышқылдардың, сілтілердің) және сынап, еріткіштер, биологиялық белсенді заттар сияқты зиянды заттардың ықтимал әсер ететін орындарында еденге көрсетілген заттардың әсеріне төзімді, оларды сіңіруді болдырмайтын, тазалауға және зарарсыздандыруға болатын материал төсеу көзделеді. Көрсетілген заттар бар сарқындыларды өндірістік кәріз жүйесіне ағызу алдында оларды алдын ала бейтараптандыра отырып, су бұрудың жергілікті құрылыстарына ағызу көзделеді.

36. Технологиялық процестер мен өндірістік жабдықтарды әзірлеу және пайдалану кезінде мыналар көзделеді:

1) бастапқы және түпкі өнімде зиянды заттар қоспаларының болуын шектеу, түпкі өнімдерді шанданбайтын түрлерде шығару;

2) жұмыс істейтін адамдардың зиянды өндірістік факторлармен жанасуын болдырмайтын өндіріс технологияларын қолдану;

3) жабдықтың конструкциясында жұмыс аймағына қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың түсуінің (таралуының) алдын алатын шешімдер мен қорғаныш құралдарын қолдану;

4) жіті бағытталған әсері бар заттармен жұмыс аймағы ауасының ластану жағдайына автоматты бақылау, дабыл және технологиялық процесті басқару жүйелерін орнату;

5) тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру;

6) технологиялық және желдету шығарындыларын уақтылы жою, залалсыздандыру, өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату және көму;

7) зиянды заттар мен факторлардан ұжымдық және жеке қорғаныш құралдары;

8) жұмыс орындарындағы қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың деңгейін бақылау;

9) нормативтік-техникалық құжаттамаға қауіпсіздік талаптарын енгізу;

10) атқаратын қызметіне сәйкес өндірістік бақылауды жүзеге асыру;

11) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес технологиялық процесті өзгертуге (өндірістік қуатты арттыру, процестер мен өндірісті сәйкестендіру және бекітілген жобадан басқа да ауытқулар) санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу.

37. Технологиялық процесте "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген химиялық заттар пайдаланылады.

38. Ылғал бөлу көзі болып табылатын өндірістік жабдық тұмшаланады және төгуге арналған автоматты құрылғымен жабдықталады.

39. Әсері күшті улы заттарды (бұдан әрі – ӘКУЗ), прекурсорларды, пестицидтерді бастырма астында, ашық аспан астында сақтауға жол берілмейді. ӘКУЗ, химиялық заттарды, прекурсорларды, пестицидтерді сақтауға арналған үй-жайларда табиғи және механикалық ішке сору-сыртқа тарту желдеткіші көзделеді.

40. Персоналдың жұмыс орындарындағы жарықтандыру көрсеткіштері № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес көзделеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Сақтауға, өлшеп-орауға және құюға арналған қойма үй-жайлардың қабырғасын, еденін, төбесін және ішкі конструкцияларын әрлеу үшін конструкцияны ӘКУЗ-дың химиялық әсерінен қорғауға қабілетті, шаң мен буды бетінде жинақтамайтын немесе сіңірмейтін, беттері оңай тазаланатын және жуылатын материалдарды пайдалану қажет.

42. ӘКУЗ-ды, химиялық заттарды, прекурсорларды, пестицидтерді сақтайтын қоймалар залалсыздандыру құралдарымен, жеке қорғаныш құралдарымен (бұдан әрі – ЖҚҚ) және медициналық дәрі қобдишасымен камтамасыз етіледі.

43. Арнайы киімсіз және ЖҚҚ-сыз, сондай-ақ егер ЖҚҚ зақымдалған немесе жарамсыз болса жұмысшылар жұмыс істеуге жіберілмейді.

44. Пестицидтерді тек арнайы салынған типтік немесе соған бейімделген үй-жайларда, қоймаларда сақтауға жол беріледі. Пестицидтерді сақтау үшін жер үйлерді, жерқоймаларды, жертөлелерді және жанғыш заттарқоймасын пайдалануға жол берілмейді. Қойма аумағы міндетті түрде машиналардың кіруіне және айналуына жеткілікті алаңмен, бос ыдыстарды жинауға арналған аспамен, бос ыдыстарды зарарсыздандыруға арналған алаңмен қоршалады.

45. Пестицидтерді қоймаларда сақтауға Кодекстің 20-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтың бөлімшесінің санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысын алғаннан кейін рұқсат беріледі.

46. Қойма үй-жайы сақталатын өнімнің көлемін немесе тоннажын есепке ала отырып жобаланады. Пестицидтер қоймасын жоспарлау мынадай функционалды бөлімшелердің болуын көздейді: пестицидтерді сақтайтын жалпы бөлімше, от-жарылысқа қауіпті пестицидтерді сақтайтын бөлімше, өте қауіпті пестицидтерді сақтайтын бөлімше (1 сынып қауіптілігі), жеке қорғаныш құралдарын, су, сабын, сүлгі

және дәрі қобдишасын сақтайтын бөлімше. Шаруашылықта ӘКУЗ қолданған жағдайда қойманы салу кезінде қосымша бөлек үй-жайдықөздеу қажет.

47. Үй-жайды стеллаждармен, табиғи (терезелер, желкөздер) немесе мәжбүрлі желдеткіштермен жабдықтау қажет. Қоймада қолжуғыш, ірі базистік қоймаларда – душ қондырғысын орнатады. Қойма құлыппен жабылады.

48. Қойма үй-жайын пестицидтерді тамақ өнімдерімен, жеммен және әртүрлі материалдармен және шаруашылық мақсатындағы заттармен бірге сақтауға пайдалануға жол берілмейді.

49. Пестицидтерді минералды тыңайтқыштармен бірге сақтауға жол берілмейді.

50. Қойма ішінде пестицидтерді орналастыру олардың уыттылығы мен жанғыштығы, препараттық үлгісі, химиялық үйлесімділігі және температуралық сақтау режимі бойынша жіктелуіне байланысты жүргізіледі. Магний хлораты және кальций хлорат-хлоридін басқа химиялық заттардан толық оқшау сақтау көзделеді.

51. Құрамына су кіретін (формалин, карбатион, амин тұзы 2,4-Д және барлық майлы эмульсия концентраттары) препараттарды қыс уақытында жылытылатын үй-жайларда сақтайды.

52. Қоймаішінде персоналдың тек пестицидтерді қабылдау, түсіру және есепке алу кезінде ғана болуына жол беріледі.

53. Пестицидтерді, ӘКУЗ, химиялық заттарды, прекурсорларды сақтау қоймасы тазаұсталады.

54. Пестицидтер техникалық жағдайларға сәйкес келетін тығыз, жақсы жабылатын ыдыста тасымалданады және босатылады. Ыдыста өшпейтін бояумен жазылған заттаңбаның болуы көзделеді. Заттаңбада:

- 1) жеткізуші -кәсіпорынның тауарлық белгісі немесе атауы;
- 2) препараттың атауы мен ондағы әсер ететін заттың номиналды пайызы;
- 3) препарат жатқызылатын пестицидтер тобы;
- 4) брутто және нетто салмағы;
- 5) партия нөмірі;
- 6) пестицидтің шыққан күні;
- 7) стандарттың және техникалық шарттың нөмірі;
- 8) "отқа қауіпті" немесе "жарылысқауіпті" белгілері (препаратта отқа қауіпті немесе жарылысқауіпті қасиеттер болған жағдайда) көрсетіледі.

55. Әр тауарлық бірлікке препаратпен жұмыс істеу, қолдану және сақтау шарттары бойынша қысқаша нұсқаулық жапсырылады.

56. Тез бұзылатын пестицидтерді пайдалану алдында, оларды сақтау мерзіміне карамастан, әсер етуші заттың пайызына талдау жүргізеді және шығыс нормаларына түзету енгізеді.

57. Пайдаланылмаған пестицидтер қалдығы ыдысымен бірге қоймаға тапсырылады.

58. Пестицидтерді қоймадан зауыт қаптамасынсыз немесе қаптамасының бүтіндігі бұзылған кезде босатуға жол берілмейді.

59. Пестицидтердің келіп түсуі және босатылуы тігілген және нөмірленген кіріс-шығыс кітабында есепке алынады.

60. Жыл сайын жылдың соңында қоймада қалдықтарды алу актісін жасай отырып, пестицидтерге түгендеу жүргізіледі.

61. Пестицидтерді, ӘКУЗ-ды, химиялық заттарды, прекурсорларды тасымалдау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығына сәйкес бекітілген "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

62. Ауыл шаруашылығында қолдануға тыйым салынған және жарамсыз пестицидтердің қалдықтары кәдеге жаратылғанға дейін қоймада сақталады.

3-тарау. Адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздерімен жұмыс істеу жағдайларына және өндірістік бақылауды жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

63. Радиожиілік диапазонындағы ЭМӨ көзімен жұмыс істеуге арналған өндірістік үй-жайларды ағынды желілерде, сонымен бірге жеке желілерде орналастыруды қоса алғанда, жалпы үй-жайларда да орналастыруға жол беріледі. Егер қондырғыларда жұмыс істеуге және оларға қызмет көрсетуге байланысты емес персоналдың жұмыс орындарындағы ЭМӨ деңгейлері "Радиотехникалық объектілерге қойылатын талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26974 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 бұйрығына сәйкес рұқсат етілген шекті деңгейден (бұдан әрі – РЕШД) аспаса, ЭМӨ көздерін жалпы үй-жайларда орналастыру көзделеді. Көрсетілген жағдайды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда ЭМӨ көздері бар қондырғылар бөлек үй-жайларда орналастырылады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. ЭМӨ көздерімен жұмыс істеуге арналған экрандалған үй-жайларда жұмыс алаңдары мен көлемдері өңделетін бұйымдардың габариттеріне қарай белгіленеді.

65. Эcranдалған үй-жайлардың қабырғалары, едені мен төбесі сіңіргіш материалдармен жабылады.

66. Экрандалған үй-жайларда табиғи жарықтың, ультракүлгін сәуленің жетіспеушілігін, ауаның газ және ион құрамының өзгеруін өтеу жөніндегі шаралар көзделеді.

67. Электрмагниттік энергияның құрылыс конструкциялары арқылы көрші үй-жайларға өтуі мүмкін болған жағдайда құрылыс материалдары мен әртүрлі экрандаушы материалдардан (калқалар, металл табақтар, торлар) жасалған конструкциялар қолданылады.

68. Персоналдың жұмыс орындарындағы лазерлік сәулелену деңгейі № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес РЕШД шегінде көзделеді.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Шу көздері орналасқан жаңа және реконструкцияланатын объектілерде үй-жайлардың ішінде жұмыс орындарындағы, сондай-ақ тұрғын үй құрылыстарын қоршаған аумақтағы шуды азайтуға бағытталған іс-шараларды көздеу қажет.

70. Шу параметрлерін № ҚР ДСМ-15 бұйрығында белгіленген РЕШД-ға жеткізу мүмкін болмаған кезде:

1) стационарлық жабдық үшін дыбыстан оқшауланған кабиналар құруды, процесті қашықтықтан басқаруды көздеу;

2) қол аспабы үшін басқа жұмысшыларға шудың әсерін болдырмайтын жұмыс орындарын орналастыруды көздеу керек.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Жұмысшыларға шудың, дірілдің, ультра және инфрадыбыстың әсеріне байланысты жұмыс орындарына жақын жерде мерзімді демалуға және профилактикалық рәсімдерді жүргізуге арналған үй-жайлар көзделеді.

72. Персоналдың жұмыс орындарындағы шу, діріл, ультра- және инфрақызыл деңгейі № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес келеді.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Плазмалық технологияға арналған үй-жайларда:

1) бір жұмыс істеушіге 10 м² кем емес және еденнің төменгі нүктесінен 3,5 м кем емес үй-жайдың биіктігі есебінен жабдық орнатылмаған алаңның болуы көзделеді;

2) қабырғалар мен төбелер ультракүлгін сәулелерді сіңіретін жанбайтын перфорацияланған материалдан жасалған қорғаныш жабыны бар дыбыс сіңіргіш

қаптамамен жабылады. Жабдықтың өзінде дыбыс сіңіргіш қорғаныш болмаған жағдайда қаптау биіктігі кемінде 2,7 м көзделеді.

74. Өндірістік ғимараттар мен құрылыстарға кіру алдында аяқ киімді тазалауға арналған металл торлар мен басқа да құрылғылар көзделеді.

75. Адамдар тұрақты болатын өндірістік объектілер табиғи және жасанды жарықтандырумен қамтамасыз етіледі.

76. Жасанды жарықтандыру жұмыс және авариялық болып көзделеді. Орташа дәлдіктегі жұмыстарды орындау кезінде жұмыс орнындағы аралас жарықтандыру кемінде 500 люкс (бұдан әрі – лк), аз дәлдіктегі және дөрекі жұмыстарды орындау кезінде кемінде 200 лк көзделеді.

77. Персоналдың жұмыс орындарындағы жарықтандыру көрсеткіштері № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес көзделеді.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Жұмыстар бинокулярлық стереоскопиялық микроскоптарды қолдана отырып орындалған жағдайда, монтаждау үстелінің жұмыс аймағының микроскоптан тыс жарықтандырылуы осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес белгіленеді.

79. Кернеулі көру жұмыстары үшін көзбен шолып бақылау экрандары бар жұмыс орындарын жарықтандыру деңгейі осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес қабылданады.

80. Шамдардың жарық техникалық сипаттамалары, олардың жұмыс аймақтарына қатысты орналасуы және орнатылуы жұмысшыларға тікелей және шағылысқан жылтырдың зиянды әсерін болдырмауды қамтамасыз етеді.

81. Шамдардың конструктивті орындалуы жұмыс және қызмет көрсету кезінде өрт және электр қауіпсіздігін, өндірістік ортаның (өрт және жарылыс қауіпті, шаңды, химиялық белсенді) нақты жағдайларында сипаттамалардың сенімділігін, ұзақ мерзімділігін және тұрақтылығын және қызмет көрсетудің ыңғайлылығын қамтамасыз етеді.

82. Өндірістік үй-жайларда шамдарды уақтылы тазалау және жанып кеткен шамдарды, ақаулы шамдарды ауыстыру қажет.

83. Өндірістік объектілерде істен шыққан жабдықты сақтауға арналған ашық (жабық) учаскелер (үй-жайлар) көзделеді.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Құрамында сынабы бар аспаптар мен шамдарды, газ разрядты шамдары бар жарықтандыру қондырғыларын жинау және сақтау үшін арнайы бөлінген орын

көзделеді. Сынаппен толтырылған пайдаланылған шамдарды кәдеге жаратуды мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

85. Өндірістік үй-жайлардың жарықтандыру қондырғыларының құрамында ультракүлгін жеткіліксіздіктің алдын алу мақсатында профилактикалық ультракүлгін сәулелену қондырғыларын көздеу қажет. Ұзақ әсер ететін профилактикалық ультракүлгін сәулелену қондырғылары ультракүлгін сәулеленудің өндірістік көздері бар үй-жайларда көзделмейді.

86. Инфра және ультрадыбыс, шу, жалпы және жергілікті діріл, иондалған және иондалмаған сәулелену көздері болып табылатын жабдықтардың жанындағы жұмыс орындарында № ҚР ДСМ-15 бұйрығына, "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық талаптарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29012 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-71 бұйрығына сәйкес РЕШД-ден асыруға жол берілмейді.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Иондаушы сәулеленудің нормаланатын параметрлері осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшада келтірілген негізгі дозалық шектер болып табылады.

Иондаушы сәулеленудің нормаланатын параметрлеріне мыналар жатады:

1) тікелей иондаушы сәулелену көздерімен тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін адамдарға арналған рұқсат етілген эквивалентті және тиімді дозалар (А санаты);

2) иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істемейтін, бірақ жұмыс орнының немесе тұратын жерінің орналасу жағдайы бойынша объектілердің қызметіне негізделген иондаушы сәулеленудің әсеріне ұшырайтын адамдарға арналған шекті эквивалентті және тиімді дозалар (Б санаты).

Дозалық шектер радиоактивті заттармен және басқа да иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс кезіндегі қолданыстағы радиациялық қауіпсіздік нормаларына сәйкес келеді.

88. Жұмыс орындарындағы өндірістік көздерден шығатын ультракүлгін сәулеленудің (бұдан әрі – УК) рұқсат етілген деңгейлері: ұзын толқынды УК-А – 400-315 нм, орта толқынды УК-В – 315-280 нм, қысқа толқынды УК-С – 280-200 нм аялары үшін сәулеленудің спектрлік құрамын ескере отырып қабылданады және № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес РЕШД-ге сәйкес болуы керек.

Сәулелену қарқындылығының гигиеналық нормативтері жұмысшыларға оның әсер ету ұзақтығын ескере отырып белгіленген. Бұл ретте, сәулеленуден қорғайтын арнайы киімнің, бас киімнің болуы және көзді қорғайтын құралдарды пайдалану міндетті шарт болып табылады.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Осы Санитариялық қағидалардың 92-тармағының талаптары 2000 °С жоғары температурадағы көздер тудыратын (электрлік доғалар, плазма, балқытылған металл, кварц әйнегі), полиграфияда, химиялық және ағаш өңдеу өндірістерінде, ауыл шаруашылығында, кино және телетүсірілімдерде, дефектоскопияда, денсаулық сақтау ұйымдары мен өндірістің басқа да салаларында пайдаланылатын люминисцентті көздер тудыратын сәулеленуге қолданылады.

Көрсетілген нормативтер қызмет көрсететін персонал болмағанда ортаны зарарсыздандыру үшін қолданылатын лазерлер тудыратын, сондай-ақ емдік және профилактикалық мақсатта қолданылатын УК-ге қолданылмайды.

90. Тері бетінің қорғалмаған учаскелері (бет, мойын, қол саусақтары) 0,2 м² артық емес болғанда, жұмыс ауысымының сәулелену әсерінің жалпы ұзақтығы 50 % және бір реттік сәулелену ұзақтығы 5 минут және одан артық болғанда жұмысшыларға УК-нің рұқсат етілген қарқындылығы: УК-А аймағы үшін шаршы метрге 10,0 Ваттан (бұдан әрі – Вт/м²); УК-В аймағы үшін 0,01 Вт/м² аспауы тиіс.

91. Терінің барлық беті қорғалған кезде жұмысшылардың сәулеленуінің рұқсат етілген қарқындылығы УК-В аймағында: жұмыс ауысымы бойы әсердің ұзақтығы УК-С аймағында 1 Вт/м² аспайды.

92. Жабық өндірістік үй-жайлар микроклиматының тиімді және рұқсат етілген параметрлерін дұрыс есептеу үшін метеорологиялық жағдайды сипаттайтын (ауаның температурасы, салыстырмалы ылғалдылық, ауаның қозғалу жылдамдығы, жылумен сәулелену қарқындылығы) көрсеткіштерге, сонымен бірге энергетикалық шығындар туралы деректерге сүйену қажет.

93. Объектіде еңбек процесін жетілдіру және шаршау мен жарақат алудың профилактикасы жөніндегі іс-шаралар көзделеді:

1) еңбекті көп қажет ететін технологиялық операцияларды механикаландыру және автоматтандыру, қызмет түрлерін алмастыруды пайдалану, өндірістік операцияларды кезектестіру, еңбек пен демалыстың тиімді режимін енгізу;

2) қарапайым еңбек іс-әрекеттерінің қайталану санын шектеу, жұмыс ауысымы ішінде адамның динамикалық еңбекке қабілетіне сәйкес конвейер қозғалысының қарқынын өзгерту.

94. Үй-жайлар көлемі микроклимат бойынша нормативтер талаптарын қамтамасыз ету қажеттілігіне сүйене отырып, бірақ кемінде 15 текше метр (бұдан әрі – м³) есептеу жолымен анықталады.

95. Еңбек жағдайын бақылау технологиялық процестің, оның өзгерістері, әр түрлі жұмыстарды орындаудағы нақты жағдайы, жабдықтарды жөндеу, сауықтыру

іс-шараларын енгізу ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Өндірістік факторларды өлшеу қолданыстағы әдістеме бойынша орындалады.

Өндірістік объектілерде өндірістік (ведомстволық) бақылау жүргізіледі. Өндірістік (ведомстволық) бақылауды өндірістік немесе тәуелсіз аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады. Өндірістік (ведомстволық) бақылау нәтижесі тиісті аумақтағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне ұсынылады.

96. Объектілерде жұмыс аймағы ауасындағы негізгі зиянды заттардың болуын өндірістік (ведомстволық) бақылау № ҚР ДСМ-70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмыс аймағы ауасындағы негізгі зиянды заттардың болуын өндірістік (ведомстволық) бақылауды жұмыс аймағы ауасындағы зертханалық өндірістік бақылауға жататын негізгі зиянды заттар тізбесіне сәйкес жүргізу қажет және технологиялық процестің жекелеген сатыларында жұмыс аймағы ауасында бөлінетін заттарға сүйене отырып толықтырылады.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Медициналық және тұрмыстық қызмет көрсетуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

97. Жұмысшыларға санитариялық-тұрмыстық қызмет көрсету үй-жайлары осы Санитариялық қағидаларға сәйкес көзделеді. Тамақ ішетін бөлме кем дегенде тұрмыстық тоңазытқышпен және ыдыс жууға арналған раковинамен жабдықталады.

98. Қауіптілігі 1 және 2-сыныпты заттармен, сондай-ақ патогенді микроорганизмдермен ластанған арнайы киімге арналған киім ілетін орындарда киімді сақтау тиісті өңдеуден кейін жүзеге асырылады. Жұмыскерлерге таза киім беру үшін арнайы киім тарату орны көзделеді. Ластанған арнайы киімді қабылдауды (жинауды) және уақытша сақтауды арнайы киім ілетін орынның жанында орналасқан оқшауланған үй-жайда жүзеге асыру қажет.

99. Жуу кезінде жұмысшылар ауысымдық арнайы киіммен қамтамасыз етіледі.

100. Қолжуғыштар киім ілетін бөлмелермен көрші үй-жайларда немесе киім ілетін бөлмелерде, арнайы бөлінген орындарда орналастырылады.

101. Киімнің ластануымен, сондай-ақ қауіптілігі 1 және 2-сыныпты заттарды қолданумен байланысты өндірістік процестер кезінде душ бөлмелері санитариялық өткізгіш типі бойынша киім ілетін орындармен бірге орналастырылады.

102. 2 м-ге дейінгі қабырғалар мен қалқалар, киім ілетін, қолжуғыш, душ, дәретхана, әйелдердің жеке гигиенасына арналған кабиналардың, қол және аяқ ванналарының едендері мен жабдықтары жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып,

ыстық сумен оңай жуылатын беті тегіс, ылғалға төзімді материалдардан жасалған жабынмен көзделеді. Көрсетілген үй-жайлардың қабырғалары мен арақабырғалары 2 м белгісінен жоғары, сондай-ақ төбелері суға төзімді жабынмен көзделеді.

103. Киім ілетін, себезгі бөлмелерінің едендерін, қабырғаларын, жабдықтарын, сондай-ақ аяқ ванналарын әр ауысымнан кейін ылғалды жинау және дезинфекциялау қажет. Себезгі бөлмелерінде сандалдарды әрбір пайдаланғаннан кейін дезинфекциялауға арналған ванналар, сондай-ақ формалин ерітіндісіне арналған ванналар көзделеді. Эпидермофитиямен ауыратын науқастар үшін жұмыс аяқ киімін күнделікті дезинфекциялауға және кептіруге арналған арнайы үй-жай жабдықталады.

104. Себезгі үй-жайларының құрылғысы едендерді, қабырғалар мен төбелерді жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ыстық сумен жеңіл тазалауды және жууды, сондай-ақ себезгі кабиналарында пайдаланылған судың ағуын көздейді.

105. Санитариялық тораптардың тамбурлары қол жууға арналған құралдары бар қолжуғыштармен және электр сүлгілермен жарақталады.

106. Темекі шегуге арналған орындар "Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекіні қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-246/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21776 болып тіркелген) темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптарға сәйкес жабдықталады.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

107. Жылу немесе суық шығарумен қатар жүретін және жұмыс орындарындағы микроклиматтық жағдайлардың нашарлауына әкелетін өндірістік процестер болған кезде жұмысшылардың қысқа мерзімді демалуына және олардың жылу жағдайын қалыпқа келтіруге арналған үй-жайлар жобаланады.

108. Жұмыскерлерді жылытуға арналған үй-жайларда ауа температурасын және оның қозғалыс жылдамдығын сәйкесінше +22 – +25 Цельсий градус (бұдан әрі – °С) және ≤ секундына 0,2 метр (бұдан әрі – м/с) деңгейінде ұстап тұрады.

109. Терінің жергілікті температурасын (бет, қол, табан) неғұрлым тез қалпына келтіру үшін жергілікті сәулелі және конвекциялық жылыту аспаптары мен құрылғылары көзделеді. Бұл ретте жұмыскер денесінің бетімен жанасатын аспаптар (құрылғылар) бетінің температурасын +38 – +40 °С деңгейінде ұстап тұрады.

110. Ауа температурасы +10 °С төмен немесе +26 °С жоғары болған кезде жұмысшылар тиісінше ыстық шаймен немесе салқындатылған ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

111. Ауыз су режимін сақтау мақсатында жұмысшылар ауысымына бір адамға кемінде 1,0 – 2,0 литр есебінен ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

112. Салқындатуға арналған құрылғылар (жартылай кептіргіштер, радиациялық салқындату кабиналары немесе беттері) жылу сәулеленуінің қарқындылығына және жұмыс орындарындағы немесе демалуға арналған үй-жайлардағы еңбек жағдайларына байланысты көзделеді.

113. Киім ілетін бөлмелерде шаң мен зиянды заттардың бөлінуімен байланысты технологиялық процестер кезінде сүзгілерді шаңнан тазартуға және олардың кедергісін бақылауға арналған қондырғымен, респираторларды қабылдауға, беруге және жөндеуге арналған үстелдермен, жартылай маскаларды жууға, дезинфекциялауға және кептіруге арналған құрылғылармен, респираторлар мен өзін-өзі құтқарғыштарды сақтауға арналған шкафтармен және ұялармен жабдықталады.

114. 1 в, 2 в, 2 г және 3 б тобы кәсіпорындарының өндірістік процестері кезінде дербес желдету жүйесі жабдығы бар арнайы киімді шаңсыздандыруға, залалсыздандыруға, кептіруге, жууға, химиялық тазалауға арналған оқшауланған үй-жайлар көзделеді. Олардың құрамы мен ауданы арнайы киімді шаңсыздандыру, тазалау және залалсыздандыру тәсілі мен мерзімділігіне байланысты анықталады.

115. Арнайы киімді және арнайы аяқ киімді кептіруге арналған киім ілетін үй-жайлар механикалық жалпы алмасу ішке сору-сыртқа тарату желдеткішімен (жылдың суық мезгілінде ауа ағынын қыздыра отырып) жабдықталады.

116. Киім ілетін үй-жайларда қосымша жабдық ретінде мыналар көзделеді:

1) дезинфекциялық үлдір түзуші препараттарды сақтауға арналған дәрі-дәрмек шкафтары (жұмыс ауысымына дейін және одан кейін шағын жарақаттарды өңдеуге арналған), сондай-ақ аяқ терісінің тершеңдігі мен зеңдік ауруларының алдын алуға арналған дәрі-дәрмектер;

2) қорғаныш пасталары мен жуу құралдарына арналған арнайы мөлшерлегіш қондырғылар.

117. Арнайы киім мен аяқ киімді кептіруге арналған үй-жайлардың құрылысы, олардың өткізу қабілеті және кептірудің қолданылатын тәсілдері жұмыс ауысымы басталғанға дейін арнайы киім мен аяқ киімді толық кептіруді қамтамасыз етуді көздейді.

118. Арнайы киімді шаңсыздандыру үшін арнайы құрылғылар (механикалық, сығылған ауаны пайдалану, аэродинамикалық шаңсыздандырғыштар) қолданылады. Арнайы киімді шаңсыздандырудың кезеңділігі арнайы киімнің ластану дәрежесіне байланысты (ауысым сайын, мерзімдік, эпизодтық). Құрылғылардағы киімді

шаңсыздандырудың тиімділігі 30-40 секунд (бұдан әрі – сек) ішінде кемінде 90 % қамтамасыз етіледі.

119. Арнайы киімді орталықтандырылған кір жуу орындарында жуу қажет.

120. Жуу, химиялық тазалау тәсілдері (режимдері), оларды жүзеге асыруға арналған жабдықтардың тізбесі ластаушы заттың құрамы мен санына, ластану түрі мен технологиялық процеске байланысты айқындалады.

121. Кір жуатын орындардың алаңы мен жабдықтарының құрамын айына кемінде екі рет қолданылатын арнайы киім жиынтығын жууды ескере отырып анықтау қажет. Арнайы киімнің ерекше қарқынды ластануы кезінде кір жуу орындары арнайы киімді жиі жууға есептеледі. Қысқы арнайы киімді химиялық тазалау қажет.

122. Тұрмыстық ғимараттарда арнайы киім мен аяқ киімді жөндеуге арналған үй-жайлар көздеуге жол беріледі.

123. Тізімдік құрамы 50-ден 300 адамға дейінгі объектілерде "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығына сәйкес медициналық пункт, 300 адамнан астам объектілерде фельдшерлік немесе дәрігерлік денсаулық сақтау пункттері, сондай-ақ сауықтыру кешендері көзделеді.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Медициналық пункттің, фельдшерлік және дәрігерлік денсаулық сақтау пунктінің үй-жайларының құрамы мен ауданы осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаның 1, 2, 3-кестелеріне сәйкес қабылданады.

125. Денсаулық сақтау пункттері, медициналық пункттер агрессивті өндірістік заттар теріге немесе көзге түскен кезде оларды бейтараптандыруға мүмкіндік беретін (зақымданған жерді сумен жуғаннан кейін) инактиваторлар жиынтығымен қамтамасыз етеді.

126. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың құрамы осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес айқындалады.

127. Жекелеген санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың ауданы, жабдықтар мен рәсімдер жиынтығы әрбір нақты жағдайда объектінің қуатын, еңбек процестерінің сипатын, зиянды өндірістік факторлардың болуын ескере отырып шешіледі.

128. Жұмыс орындарына тікелей жақын жерде жұмыс істейтіндерді сауықтыруға қажетті емдеу-профилактикалық кешеннің үй-жайлары дыбыс оқшаулағышпен және магнитті және электрмагнитті өрістерден салыстырмалы қорғау экрандарымен, сондай-ақ цехтан ластанған ауаның түсуін болдырмайтын тұмшаланған есіктермен жабдықталады.

129. Психологиялық-физиологиялық жеңілдету бөлмелері айқын дене және жүйке-қауырт еңбегімен сипатталатын объектілерде көзделеді (гигиеналық сыныптама бойынша 3-топтан астам).

130. Жұмыс орындарынан психологиялық-физиологиялық жеңілдету бөлмелеріне дейінгі қашықтық 75 м артық емес, ал объект алаңындағы жұмыс орындарынан 150 м артық емес болып көзделеді.

131. Психологиялық жеңілдету бөлмелерінің пайдалы алаңы бір орынға сағатына 4 адам есебінен (бір ауысымда 4 сағат жұмыс істеген кезде) отыратын орынның болуымен айқындалады. Бір отыратын орынға кемінде 2 м^2 бөлінеді, бұл ретте жалпы ауданы кемінде 20 м^2 құрайды.

132. Психологиялық жүктеме бөлмесіне нұсқаушы-әдіскерге арналған қосалқы бөлме және киім ауыстыруға арналған кіреберіс кіреді, оның мөлшері бір адамға кемінде $0,5 \text{ м}^2$ есебінен отыратын орындардың санына байланысты болады. Бөлмелер шулы цехтарға тікелей жақын орналасқан кезде кіру екі есіктің дыбыс оқшаулағышы бар тамбур түрінде көзделеді.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133. Психологиялық-физиологиялық жеңілдету бөлмесіндегі жарықтандыру қыздыру шамдарын немесе жарықты реттеуге арналған құрылғысы бар басқа да рұқсат етілетін жарық көздерін (10-нан 200 люкске дейін) қолдана отырып, табиғи да, жасанды да көзделеді. Шудың фондық деңгейінің 60 децибелден (бұдан әрі – дБА) асып кетуіне жол берілмейді. Ауа температурасы $+18 - +22 \text{ }^\circ\text{C}$ шектерде сақталады. Желдету ауа баптағыштар көмегімен жүзеге асырылады.

134. Психологиялық-физиологиялық жеңілдету бөлмелерінің үй-жайлары демалу үшін шынтақшалары бар жұмсақ креслолармен жабдықталады. "Тік тұрған" мамандықтағы жұмысшылар үшін әрбір креслоға аяққа арналған жұмсақ тұғырлар көзделеді.

135. Тренажер залдары бір сарынды еңбек және (немесе) гипокинезия болатын объектілерде көзделеді, олар жұмыс үй-жайларынан кемінде 150 м қашықтықта орналастырылады. Залға кіретін жер шу мен шаңнан оқшаулауды қамтамасыз ететін тамбур арқылы көзделеді.

136. Тренажер залының алаңы бір адамға кемінде 4 м^2 , биіктігі 4 м кем емес болған кезде жалпы ауданы кемінде 40 м^2 есебінен белгіленеді.

137. Тренажер залының ауасында зиянды заттардың, қоспалардың, иістердің болуына жол берілмейді. Көміртегі диоксидінің (CO_2) $0,1\%$ – дан жоғары болуына, шаңданудың – текше метрге 6 миллиграмнан (мг/м^3) жоғары және кремнийдің 2% -дан

артық болуына, микроорганизмдердің 1 м³-ге 4000 микробтан артық болуына, статикалық электр өрісінің кернеулігінің сантиметрге 150 вольттан (В/см) артық болуына жол берілмейді.

138. Қажетті ауа режимі табиғи (фрамугалар, терезелер), жасанды желдету және ауаны баптау арқылы желдетумен қамтамасыз етіледі. Барлық фрамугалардың көлденең қимасы 1:50 сияқты еденнің ауданына жатады. Мәжбүрлі желдету кезінде ауа ағынының қарқындылығын сорғыдан 10-15% жоғары көздеу қажет.

139. Ауа температурасы плюс (бұдан – "+") 15 – +22 °С шегінде орталық жылумен жабдықтау және ауа баптаумен көзделеді. Орталық жылумен жабдықтау радиаторларын терезе астындағы текшеге орналастырады және алынбалы ағаш торлармен жабады. Жылумен жабдықтауды желдеткішпен біріктіруге жол беріледі.

140. Табиғи жарықтандыру үшін жарық коэффициенті 1:4 – 1:5 болып белгіленеді, жасанды жарықтандыру қыздыру шамдарында кемінде 100 лк және люминесцентті шамдарда 200 лк көзделеді. Терезелер сәнді торлармен жабылады.

141. Тренажер залының жанында киім ауыстыруға арналған үй-жайлар, себезгі бөлмесі және дәретханалар орналастырылады. Себезгі қондырғылары мен қол жууға арналған раковиналардың саны осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес жобаланады.

142. Діріл ауруының алдын алу бойынша кабинеттер жұмысшылардың қолына дірілдің берілуімен жүретін технологиялық процестері мен операциялары бар цехтар үшін көзделеді. Кабинеттің құрамына: физиотерапиялық емшаралар, емдік дене шынықтыру, психологиялық және эмоционалдық жеңілдетуге арналған үй-жайлар кіреді.

143. Физиотерапевтік емшараларға арналған үй-жайдың ауданы бір қол ваннасына 1,5 м² (немесе құрғақ ауамен жылыту қондырғысына 2,3 м²), бірақ кемінде 35 м² есебінен айқындалады. Ванналардың саны 3 жұмысшыға 1 ванна және ең көп ауысымда 10 жұмысшыға 1 қондырғы есебінен айқындалады.

144. Емдік дене шынықтыруға арналған үй-жайдың ауданы залды пайдаланатын бір жұмысшыға (тренажерлер мен спорттық снарядтарды пайдалана отырып) 1,6 м², бірақ кемінде 20 м² есебінен айқындалады.

145. Медицина персоналы үшін ауданы кемінде 8 м² үй-жай бөлінеді.

146. Әйелдердің жеке гигиена (бұдан әрі – ӘЖГ) бөлмелері 100 жұмыскер әйелге 1 кабина есебінен кабинетаны, шаңдануы жоғары объектілер үшін – 50 әйелге 1 кабина және тамбур көзделеді. Тамбурда ыстық және суық су араластырғышы бар раковина, қызмет көрсетуші персоналға арналған үстел, қолға арналған электр кептіргіш, сабын салғыш көзделеді.

147. Жеке кабиналар ыстық және суық су араластырғышы бар гигиеналық себезгімен және унитазбен, пайдаланылған гигиеналық пакеттерге арналған қақпағы бар бөшкемен және киімге арналған ілгішпен жабдықталады.

148. ӘЖГ бөлмесіне арналған үй-жайдың қабырғалары және жеке кабиналар арасындағы қалқалар оларды жеңіл тазалауға, жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жууға мүмкіндік беретін материалдардан көзделеді.

149. ӘЖГ бөлмесіне арналған үй-жайлардан жұмыс орындарына дейінгі қашықтық 150 м-ден асырмай көзделеді.

150. Жүктілік кезеңінде әйелдердің еңбегі мен демалысын ұтымды ұйымдастыруға арналған мамандандырылған емдеу-сауықтыру кешендерін (бұдан әрі – МК) бала туатын жастағы 500 және одан көп жұмыс істейтін әйелдер саны бар объектілерде көздеу қажет.

151. МК өндірістік (цех, учаске) және қосалқы (демалыс бөлмелері, жеке гигиена бөлмелері, дәретхана) мақсаттағы үй-жайларды қамтитын оқшауланған үй-жайларда орналастырылады.

152. МК-ні табиғи жарығы мен табиғи ауа алмасуы жоқ ғимараттарға, жертөле, цоколды үй-жайлар мен 2-қабаттан жоғары (лифт болмағанда) орналастыруға жол берілмейді.

153. Демалыс бөлмесінің ауданы ауысымдағы бір жұмыс істейтін әйелге 2,0 м² есебінен, бірақ кемінде 18 м² белгіленеді. 30 м²-ден артық демалыс бөлмелері демалыс аймағына және гимнастикалық жаттығулар аймағына, дәрігерлік бақылау және сабақ өтетін аймақтарға бөлінеді.

154. Жүкті жұмыскер әйелдерді жұмысқа орналастыру үшін МК үй-жайында еңбектің сипатына қойылатын гигиеналық талаптар оңтайлы жағдайдың 1-сыныбына сәйкес келеді.

155. Еңбекпен сауықтыру орталығы (учаскелері) (бұдан әрі – орталық) жұмысшылар саны 5000 және одан көп адам болатын объектінің құрылымында көзделеді. Орталықтардың құрамына емдеу-диагностикалық және техникалық бөлімдер кіреді.

156. Орталықтың емдеу-диагностикалық бөлімінің үй-жайлары болжанатын өндірістің сипатына сәйкес жабдықталады.

157. Орталықтың техникалық бөліміне еңбекпен оңалту цехтары (учаскелері), диспетчерлік, көлік қызметі және өнімнің сапасын бақылау қызметіне арналған үй-жайлар, конструкторлық-технологиялық және жоспарлау-экономикалық бюросы, стандартты емес жабдықтар мен құралдарды дайындауға арналған эксперименттік-ретке келтіру учаскелері кіреді.

158. Өндірістік объектілердегі асүй блогының үй-жайлары және тамақ өнімдерін өндіру, азық-түлік шикізатын сақтау "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына сәйкес көзделеді.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

159. Өндірістік үй-жайларда тамақты сақтауға және ішуге жол берілмейді.

5-тарау. Өндірістік мақсаттағы ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды жылумен жабдықтауға, желдетуге және ауасын баптауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

160. Басқару пульттері үй-жайларын, краншылардың кабиналарын және басқа да оқшауланған үй-жайларды қоса алғанда өндірістік ғимараттардағы, үй-жайлардағы және құрылыстардағы жылумен жабдықтау, желдету және ауа баптау жүйелері тұрақты және уақытша жұмыс орындарының жұмыс аймағындағы еңбек ету уақытында № ҚР ДСМ-15 бұйрығына және № ҚР ДСМ-70 бұйрығына сәйкес температура, ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы, зиянды заттардың болуы, иондау көрсеткіштері бойынша ауа ортасының нормативтік параметрлерін қамтамасыз ету қажеттілігін есепке ала отырып жабдықталады.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Өндірістік және қосалқы үй-жайлар табиғи, механикалық жалпы алмасатын ішке сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталады. Жаңа жабдықталған, реконструкцияланған, күрделі жөнделген желдеткіш қондырғылары олардың тиімділігін анықтайтын аспаптық қабылдау сынағынан өтеді.

162. Механикалық желдету нормаланған микроклиматтық параметрлер мен жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың болуы табиғи желдетумен қамтамасыз етілмейтін үй-жайлар мен жекелеген учаскелер үшін, сондай-ақ табиғи желдетілмейтін үй-жайлар мен аймақтар үшін көзделеді. Ауаны ішке тартуды немесе шығаруды ішінара қолданатын біріктірілген - механикалық желдетуді пайдалануға жол беріледі.

163. Ауаның шығыны үй-жайдың көлемінде зиянды заттардың, жылу мен ылғалдың әркелкі таралуын ескере отырып, есептеулермен анықталады.

164. Жұмыс аймағының ауасына бірнеше зиянды заттардың бір уақытта бөлінуі кезінде жалпы алмасу желдетуді есептегенде ауаның шығынын барынша көп қажет ететін зиянды зат бойынша анықталады.

165. Бірқатар заттардың организмге бір бағытта әсер етуі туралы деректер бар болғанда жалпы алмасатын желдетуді есептеу № ҚР ДСМ-15 бұйрығына және № ҚР

ДСМ-70 бұйрығына сәйкес әрбір затты бөлек оның РЕШШ-не дейін ерітуге қажетті ауа шығынын қосу жолымен жүргізіледі.

Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166. Өндірістік объектілердегі табиғи немесе механикалық желдету осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бір жұмысшыға сыртқы ауаның келуін қамтамасыз етеді.

167. Желдету және ауаны баптау жүйелерінің қабылдағыш саңылаулары және табиғи ауа келетін желдеткішке арналған саңылаулар арқылы ғимараттар мен құрылыстардың ішіне түсетін ауадағы зиянды заттардың шоғырлануы № ҚР ДСМ-70 бұйрығына сәйкес жұмыс аймағының ауасы үшін РЕШД-ден 30 % аспайды.

Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

168. Бір ғимаратта қауіптілік сыныптары әртүрлі зиянды заттар бөлетін өндірістерді немесе көршілес үй-жайларды біріктірген кезде барынша уытты зиянды заттар бар үй-жай үшін ұйымдастырылған ішке тартудан сыртқа таратудың басым болуын көздеу қажет.

169. Көп қабатты өндірістік ғимараттарда алаңдар жабынының монтаждық ойықтары оқшаулайтын жаппамен жабдықтау қажет, ал ауа алмасу әр қабат үшін жеке есептеледі.

170. Жылдың салқын мезгілінде (желдетудің теріс дисбалансы) сыртқа таратудың орнын толтыру үшін сыртқы ауаның ұйымдастырылмаған ішке тартуына биіктігі 6 м және одан аласа үй-жайларда сағатына бір рет ауа алмасудан артық емес, ал биіктігі 6 м жоғары үй-жайларда еден ауданының әр 1 м²-не сағатына 6 текше метр (бұдан әрі – м³/сағ) көлемде жол беріледі.

171. Егер көршілес үй-жайларда жағымсыз иісі бар заттар болмаса және санитариялық талаптарға сәйкес жұмыс аймағының ауасындағы рұқсат етілген шекті шоғырлану № ҚР ДСМ-70 бұйрығына сәйкес 30%-дан аспаса, одан ұйымдастырылмаған ауаның келуіне жол беріледі.

Ескерту. 171-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

172. Ішке тартылатын ауаны беру үй-жайдың таза және аз ластанған аймақтарына ауа неғұрлым ластанған аймақтар арқылы келмейтіндей етіп көзделеді.

173. Зиянды заттарды (газдарды, шанды, жылуды) бөлетін көздер технологиялық жабдықтың ішіне орнатылған не көзге мейлінше жақын орналастырылған жергілікті сорғысы бар жергілікті сыртқа тарату желдеткіші құрылғысымен жабдықталады.

174. Үй-жайға бөлінетін немесе жергілікті сорғымен шығарылатын зиянды заттардың, жылу мен ылғалдың мөлшері технологиялық бөлімнің деректері бойынша қабылданады. Қажетті мәліметтер болмаған жағдайда ұқсас объектілердегі табиғи зерттеулердің немесе есептеулер жолымен алынған деректердің нәтижелері пайдаланылады.

175. Санитариялық талаптарға сәйкес технологиялық жабдықтан қауіптілігі 1 және 2-сыныпты зиянды заттарды шығаратын жергілікті сорғылар осы жабдықпен жергілікті сыртқа тарату желдеткіші жұмыс істемеген кезде ол жұмыс істемейтіндей етіп блокталады.

176. Егер сыртқа тарату желдеткіші ажыратылған кезде өндірістік процесті тоқтату мүмкін болмаса немесе жабдықты (процесті) тоқтатқан кезде жұмыс аймағының ауасы үшін РЕШШ-тен асатын шоғырланудағы зиянды заттар үй-жайдың ауасына бөлінуін жалғастырса, жұмыс режимін автоматты ауыстырып қосатын резервті желдеткіштері бар жергілікті сорғы құрылғысы көзделеді.

177. Желдетуге, ауамен жылумен жабдықтауға және ауаны баптауға арналған ауаның рециркуляциясы № ҚР ДСМ-70 бұйрығына сәйкес ауасында ауру қоздырғыш бактериялар, вирустар немесе грибоктар бар, сондай-ақ айқын білінетін жағымсыз иіс бар немесе қауіптілігі 1 және 2-сыныптардағы зиянды заттар бар үй-жайларда көзделмейді.

Ескерту. 177-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

178. № ҚР ДСМ-70 бұйрығына сәйкес қауіптілігі 3 және 4-сыныптардағы бір зиянды заттан артығын бөлмейтін үй-жайларда ауаның рециркуляциясына жол беріледі

Ескерту. 178-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

179. Егер технологиялық жабдықтың қыздырылған беттерімен және ауамен жылумен жабдықтаудың ауа қыздырғыштарымен жанасу кезінде жанатын зиянды заттарды бөлу болмаса, желдеткішпен бірікпеген ауамен жылумен жабдықтауда рециркуляцияны көздеуге жол беріледі.

180. Жылумен жабдықтау, желдету және ауа баптау қондырғылары тұрақты жұмыс орындары мен қосалқы үй-жайлардың қызмет көрсететін аймақтарында рұқсат етілген деңгейлерден асатын шу және діріл шығармайды.

181. Желдету жүйелерін бақылау барысында мынадай құжаттар ұсынылады:

1) белгіленген тәртіп бойынша бекіткен желдету жобасы, сонымен қатар жобадан ауытқулар тізбесі;

2) қарап тексеру және жасырын жұмыстарды қабылдау актілері;

3) желдету жүйелерінің техникалық сынақтар мен реттеу хаттамалары;

4) желдету жүйелерінің төлқұжаты;

5) желдету жабдықтарын жоспарлы-алдын ала жөндеу кестесі, оны жөндеу және пайдалану журналы.

182. Өндірістік және қосалқы үй-жайлар жылумен жабдықтау жүйесімен, оның ішінде жылумен жабдықтаудың дербес көздерімен (қазандықтармен) жабдыкталады.

Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

183. Жылумен жабдықтау бойынша талаптары негізгі үй-жайларға қойылатын талаптардан өзгеше ғимараттардың жылытылатын үй-жайларының жалпы көлемінің 5 %-ынан артық емес алаңы бар бір немесе бірнеше үй-жайларды жергілікті жылу аспаптарымен жылытуға жол беріледі.

184. Ғимараттар мен құрылыстарды жылумен жабдықтау үшін зиянды факторлар мен жағымсыз иістерді туғызбайтын жүйелер, аспаптар және жылу тасымалдаушылар көзделеді.

185. Шаң бөлетін өндірістік үй-жайлардағы қыздыратын аспаптардың беттері жеңіл тазалауға жол беретін тегіс болып көзделеді. Инфрақызыл газды сәулеленуі бар сәулемен жылумен жабдықтауды жану өнімдерін газ жанарғыларының тікелей сыртына шығара отырып көздеуге жол беріледі.

186. Құрылыс конструкцияларының ішіне орнатылған қыздыру элементтері және тіреулері бар сумен жылумен жабдықтау жүйелеріндегі жылытылатын беттегі орташа температура мынадан: тұрақты жұмыс орны бар еден үшін плюс 26 °С; адамдар уақытша болатын еден үшін +31 °С; төбелер үшін: үй-жайдың биіктігі 2,5-тен 2,8-ге дейін болса +28 °С; 2,8-ден 3,0-ге дейін болса +30 °С; 3,0-ден 3,5-ке дейін болса +33 °С; 3,5-тен 4,0-ге дейін болса +36 °С; 4,0-ден 6,0-ге дейін болса +38 °С-тан аспайды.

187. Жылу көздерінің температурасы төмен жылумен жабдықтау жүйелеріндегі радиациялық кернеу жұмыс орындарында еденнен 1,5 – 2,0 м биіктікте шаршы метрге 35 Ваттан ($Вт/м^2$) немесе 27 килокалорий/сағаттан ($ккал/м^2сағ$) аспайды.

188. Жылу бөлетін жабдық өтетін жолдарды желдету мүмкіндігін ескере отырып орналасады. Ішке тартылатын аэрациялық ағыстың таралуы үшін үй-жайдың көлемі бойынша жабдықтар арасындағы қашықтық ағыстың мөлшері бойынша оның өлшемінен артық көзделеді.

189. Жоғары жылу бөлетін цехтар мен учаскелерді табиғи желдеткішпен (аэрациямен) жабдықтаған кезде шатырда қашықтықтан басқарылатын

механикаландырылған фрамугамен жабдықталған сөнбейтін шахталар немесе аэрациялық шамдар көзделеді. Табиғи желдету кезінде желдетілетін үй-жайларға ішке тартылатын ауаны беру жылдың жылы мезгілінде еденнен 1,8 м артық емес, ал жылдың суық мезгілінде желдеткіш ойықтарының түбіне дейін 4 м төмен емес деңгейде көзделеді. Осы мақсатта өндірістік объектілерде терезелерде ашылатын ойықтар, аэрациялық қақпалар, көрсетілген деңгейлерде ауаны беруге арналған көтерілетін ысырылмалы қабырғалар көзделеді. Ашылатын ойықтардың ауданы шыныланған жердің жалпы ауданынан кемінде 20 % көзделеді.

190. Жалпы сырқа тарату қондырғысына шаң мен жеңіл конденсацияланатын буларды, сондай-ақ араластырған кезде зиянды немесе өрт қауіпті қоспалар немесе көрсетілген қасиеттері бар жаңа химиялық қосылыстар түзетін заттарды шығаратын жергілікті сорғыларды біріктіруге жол берілмейді. Жергілікті сорғылардың мұндай жүйелерін жалпы алмасатынсыртқа тарату желдеткіш жүйелерімен біріктіруге жол берілмейді.

191. Қозғалатын крандардың кабиналарында қоршаған өндірістік үй-жайдың ауасын, егер оның құрамындағы зиянды заттар жұмыс аймағы үшін РЕШШ-ден аспаса, ал микроклиматтың параметрлері нормаланған көрсеткіштерге сәйкес келетін болса қосымша өңдеусіз қолдануға жол беріледі. Олай болмаған жағдайда, крандардың кабиналары ауа баптағыштармен жабдықталады.

192. Сыртқы және рециркуляциялық ауаның рұқсат етілген шоғырланудан 30 %-ға асатын шаңдануы кезінде немесе бұл өндірістің технологиясы бойынша қажет болғанда ауа баптау жүйелерінде; ауамен себезгілеу жүйелерінде; ауаны жұмысшылардың тыныс алу аймағына – басты немесе бетті қорғайтын шлемге, маскаға, қалқандарға ауаны берген кезде ауаны тазалауды көздеу қажет.

193. Бір ішке тарту және сыртқа тарату қондырғылары бар табиғи желдетусіз өндірістік үй-жайлардың жалпы алмасу желдеткіш жүйелері сыртқа тарату жүйесінің резервтік желдеткішімен жабдықталады. Талап етілетін ауа алмасудың кемінде 50 % түсетін ашылатын ойықтары бар көршілес үй-жайлармен біріктірілген, көрсетілген үй-жайлар үшін резервтік желдеткішті жобаламауға жол беріледі.

194. Үй-жайлардағы жыл бойына және тәулік бойына жұмыс жасауға арналған, сондай-ақ табиғи желдетілмейтін үй-жайлардағы ауа баптау жүйелері талап етілетін ауа алмасудың кемінде 50 %-ын және жылдың суық мезгілінде белгіленген температураны қамтамасыз ететін резервті ауа баптағышпен көзделеді.

195. Тамбурлары жоқ, ауысымына кемінде 40 мин немесе бес реттен жиі ашылатын қақпалар мен ойықтар жанында; сыртқы ауаның есепті температурасы минус 15 °С және одан төмен болатын аудандардағы үй-жайлардың сыртқы қабырғаларындағы үнемі ашық тұратын ойықтары жанында ауа немесе ауа-жылу перделері көзделеді.

196. Ауа және ауа-жылу перделері қақпаларды, есіктерді және технологиялық ойықтарды ашқан кезде үй-жайға түсетін ауа қоспасының температурасы: жеңіл дене жұмысында плюс 14 °С-тен; орташа ауырлықтағы жұмыста 12 °С-тен; ауыр жұмыста 8 °С-тен төмен болмайтындай етіп есептеледі. Қақпалардың (6 м дейін арақашықтықта), есіктердің және технологиялық ойықтардың маңында жұмыс орындары болмаған кезде, егер бұл технологиялық талаптарға қайшы келмесе, осы аймақтағы ауаның температурасын плюс 5 °С-қа дейін төмендетуге жол беріледі.

197. Апаттық желдеткішті қосу және ауаны шығару үшін ойықтарды ашу үй-жайдың ішінен, сонымен бірге сыртынан да қол жетерлік жерлерден қашықтықтан басқарылады.

198. Мерзімдік жұмысқа немесе адамдардың орын ауыстыруына арналған туннельдерде, сондай-ақ техникалық қабаттардың үй-жайларында есепті ауа алмасуы бар мерзімдік жұмыс істейтін желдеткіш көзделеді.

199. № ҚР ДСМ-70 бұйрығына сәйкес жергілікті сорғы жүйелерінен және құрамында зиянды заттар бар өндірістік үй-жайлардың жалпы алмасу желдеткішінен атмосфералық ауаға шығарылатын ауа санитариялық талаптарға сәйкес атмосфералық ауада тазартылады және сейіледі.

Ескерту. 199-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

200. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарда сумен жабдықтауға, суды бұруға және қалдықтарды кәдеге жаратуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

201. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған жер асты және жер беті шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздерін санитариялық-эпидемиологиялық қорғау "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

202. Шаруашылық-ауыз су құбырлары желілерін ішуге жарамайтын сападағы суды беретін су құбырлары желілерімен біріктіруге жол берілмейді. Техникалық суды ішу мақсатында пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын техникалық су құбырлары құрылыстарын арнайы бояуды көздеу қажет.

203. Кәсіпорындардың өндірістік және қосалқы ғимараттарындағы шаруашылық-ауыз судың қажеттілігіне суды шығындау нормалары шаруашылық-ауыз су су құбырлар жүйелері көзделеді.

204. Себезгілердің, қол және аяқ ванналарының, қол жуғыштардың, сондай-ақ желдеткіштің ішке тарту жүйелерінің барлық түрлеріне, шаңды басу үшін суды шашу жолымен үй-жайдың ауасын салқындатуға арналған судың сапасы "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес ауыз суға қойылатын талаптарға сай болады.

205. Өндірістік су құбырларының техникалық суын унитаздың жуғыш багына жалғауға жол беріледі.

206. Кодекстің 20-бабына сәйкес геотермалды суларды (олар бар болғанда) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар болғанда себезгі және жуынатын бөлмелерде ыстық сумен жабдықтау мақсатында пайдалануға жол беріледі.

207. Техникалық су құбырын шаруашылық-ауыз сумен қосуға, өндірістік жабдықтарға және технологиялық процестерге ағысын үзбей тазартылғанға дейінгі ағынды суды беруге жол берілмейді.

208. Ашық су беті бар салқындатқыштарды қоса алғанда, айналымды салқындататын сумен жабдықтау жүйелерінде суды пайдалану кезінде ерекше ингредиенттердің құрамы шекті рұқсат етілген шығарындылар (бұдан әрі – ШРЕШ) шамаларымен регламенттеледі. Канцерогенді заттар үшін ШРЕШ жұмысшылар мен халықтың денсаулығы үшін қолайлы қауіпті ескере отырып белгіленеді.

209. Ішкі су құбыры мен су бұру, сондай-ақ сыртқы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің құрылғысы өндірістік және қосалқы ғимараттар мен өнеркәсіптік алаңдарда өндірістік және шаруашылық-ауыз су мұқтаждарына су беру және сарқынды суларды бұру үшін көзделеді.

210. Кодекстің 20-бабына сәйкес сумен жабдықтаудың айналымдағы жүйелерінен сарқынды суларды тек қана кәсіпорынның өндірістік кәрізіне ағызуға, кейіннен су айдынына және басқа да орындарға жіберу алдында Кодекстің 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған кезде ғана жол беріледі.

211. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған кезде топырақты және қатаралық жерасты суларының және онымен гидравликалық байланысты жерүсті су объектілерінің ықтимал ластануын

қоспағанда, жинақтау тоғандарын, өнеркәсіптік сарқынды сулардың тұндырғыштарын және шлам қоймаларын орналастыру оларды одан әрі жою және топырақты рекультивациялау әдістерін көрсете отырып, белгілі бір пайдалану мерзіміне айқындалады.

212. Елді мекенде орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелері болмаған кезде жергілікті жүйелер көзделеді.

213. Сарқынды суларды себезгілерден, қол жуғыштардан және санитариялық тораптардан шаруашылық-тұрмыстық су бұру желісіне бұру көзделеді.

214. Газдар бөлетін өндірістік сарқынды суларды бұру жағдайында газдардың өндірістік үй-жайларға енуіне қарсы шаралар көзделеді.

215. Өндірістік ғимараттарда ағынды суларды тазарту қондырғыларын орналастыруға зиянды булар мен газдар (меркаптан, күкіртсутек, цианисті сутек, күшәнді сутек) түзілмеген және бөлінген жағдайда немесе ағынды суларды тазартудың барлық процестері тұмшаланған және жергілікті сору желдеткіші орнатылған жағдайда жол беріледі.

216. Өндірістік объектілерде өндірістік сарқынды суларды тазарту жөніндегі қондырғы және тазартылған сарқынды суларды жерүсті су объектілеріне ағызу орнынан төмен өндірістік бақылауды ұйымдастыру, сондай-ақ жерасты және қатаралық жерасты суларының ықтимал ластануын бақылау көзделеді.

217. Қалдықтарды залалсыздандыру жөніндегі құрылыстарды салу үшін алаң таңдау кезінде ауыл шаруашылығы құндылығы жоқ қалдық жерлер пайдаланылады.

218. Кәдеге жаратылмайтын қалдықтарды көмуге және жинауға арналған полигондар елді мекеннің және өндірістік алаңның шегінен тыс орналастырылады.

219. Полигондарда өндірістік қалдықтар туралы ақпаратты қамтитын құжаттама жүргізіледі:

1) өнеркәсіптік қалдықтардың болжамды көлемінің саны мен сапасы (қауіптілік сыныптары бойынша), олардың физикалық-химиялық, токсикологиялық және радиациялық қасиеттері туралы деректер;

2) өнеркәсіптік қалдықтардың қоршаған ортаға әсер етуінің ықтимал салдарларының сипаттамасы;

3) өнеркәсіптік қалдықтарды залалсыздандыру, кәдеге жарату, көму мәселелерін технологиялық шешу;

4) топырақты зиянды заттардан қорғау және бүлінген және ластанған топырақты қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар.

220. Қалдықсыз технологияны енгізудің техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда уытты және радиоактивті өндірістік қалдықтарды залалсыздандыру, кәдеге жарату, көму жөніндегі іс-шаралар кешені көзделеді.

221. Өнеркәсіптік уытты қалдықтарды жинау, жинақтау, ыдысқа салу, тасымалдау, залалсыздандыру және көму тәсілдері мен тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы сәйкес бекітілген "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы) сәйкес химиялық заттардың қауіптілік сыныбы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

222. Өндірістік қалдықтар объектіде немесе мамандандырылған ұйымдарда жойылады, көміледі немесе кәдеге жаратылады.

223. Өндірістік қалдықтар кәсіпорын аумағында қоршаған ортаның ластануын және персонал мен халықтың денсаулығына әсерін болдырмайтын жағдайда қауіптілік сыныбына сәйкес қоймаланады.

224. Құрамында уытты заттар бар қатты қалдықтарды жинау № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығына сәйкес көзделеді.

225. Өнеркәсіптік қалдықтарды көму кәсіпорынның өнеркәсіптік алаңынан және елді мекендер аумағынан тыс жерде қауіптілік сыныбына сәйкес жүргізіледі. Көму үшін өндірістік полигондар мен арнайы жабдықталған құрылыстар (күл үйінділері, шлам - шлак жинағыштар, қалдық қоймалары, үйінділер және жобалық шешімдер бойынша қоршаған орта мен халықты нормативтік қорғауды қамтамасыз ететін басқа да құрылыстар) пайдаланылады.

7-тарау. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

226. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынулары (пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желшешек, скарлатина кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22833 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-47 бұйрығымен белгіленеді.

Ескерту. 226-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

227. Сырқаттанушылықтың тұрақты өсуі кезінде "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 38 және 104-баптарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (көлікте) бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысымен коммуналдық мақсаттағы объектілердің (кәсіпкерлік) қызметіне шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізіледі және орындалуға жатады.

Ескерту. 227-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

228. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Өндірістік мақсаттағы
ғимараттарға және
құрылыстарға қойылатын
санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
1-қосымша

1-кесте

Микроскоп шегінен тыс монтаж үстелінің жұмыс аймағын жарықтандыру

№	Ажырату объектісінің өлшемі, бұрыштық минуттар	Жұмыс ауысымы уақытына шаққандағы дәл көзбен көру жұмысының уақыты пайызбен	Жарықтандыру, люкс (бұдан әрі - лк)	Жұмыс бетінің жарықтығы, кд/м ²
1	2	3	4	5
1	1,5-тен кем	60-тан артық 60-тан 30-ға дейін 30-дан кем	4000 3000 2000	300-ден 500-ге дейін
2	1,5-тен 3,0-ге дейін	60-тан артық 60-тан 30-ға дейін 30-дан кем	2000 1500 1000	150-ден 300-ге дейін
3	3,5-тен 5,0-ге дейін	60-тан артық 60-тан 30-ға дейін 30-дан кем	1000 750 500	750-ден 150-ге дейін

2-кесте

Көзбен шолып бақылау экрандары бар жұмыс орындарын жарықтандырудың еңгейлері

		Жарықтандыру, лк

№	Экран типі	Жұмыс үстелінде	Экранның шағылысу коэффициенті кезінде экран бетінде		
			0,2 – 0,4	0,4 – 0,6	0,6 – 0,8
1	2	3	4	5	6
1	Телевизиялық: белгінің жарықтығы 0,5-тен 150 кд/м ² дейінгі аралықты қоса алғанда 150-ден 500 кд/м ² дейінгі аралықты қоса алғанда	200 400	200 – 300 300 – 500	100 – 200 200 – 300	75 – 100 150 – 200
2	Қайырмалы контрасты бар дисплейлі құрылғылар: белгінің жарықтығы 0,5-тен 150 кд/м ² дейінгі аралықты қоса алғанда	300	200 – 400	100 – 200	75 – 150
	150-ден 500 кд/м ² дейінгі аралықты қоса алғанда	400	200 – 400	100 – 200	75 – 150
3	Тура контрасты бар дисплейлі құрылғылар	300	100 – 150	50 – 75	50

"Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 2-қосымша

1-кесте

Медициналық пункттің ауданы

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.09.2022 № ҚР ДСМ-108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жұмысшылар саны	Ауданы, шаршы метр (бұдан әрі – м ²)
1	2	3

1	50-ден 150-ге дейін	12 м ²
2	151-ден 300-ге дейін	18 м ²

Ескертпе: Мүгедектігі бар адамдардың еңбегін пайдалану мүмкіндігі көзделетін кәсіпорындарда медициналық пункттің ауданы 0 ден 3 м2 дейін ұлғайтылады.

2-кесте

Фельдшерлік денсаулық пункті үй-жайларының құрамы мен аудандары

№	Фельдшерлік денсаулықпункті үй-жайлары	Ауданы, м ²
1	2	3
1	Вестибюль-күту бөлмесі және тіркеу орны	18 (10)*
2	Фельдшерлік денсаулық пункті үй-жайлары	ауданы, м ²
3	Науқастар уақытша болатын бөлме	9 (9)
4	Емшара кабинеттері	24 (12) (2 үй-жай)
5	Науқастарды қабылдауға арналған кабинет	12 (10)
6	физиотерапия кабинеті	18
7	тіс дәрігері кабинеті	12
8	гинеколог кабинеті	12
9	Дәрілік нысандар және медициналық жабдық қоймасы	6 (6)
10	Тамбурда қол жуғышы бар дәретхана	1 унитазға (1 унитазға)

*Жақшада мобильді ғимараттарға арналған көрсеткіштер берілген.

1-ескертпе: Стоматолог кабинетін жергілікті денсаулық сақтау органдарының келісімі бойынша көздеу қажет.

2-ескертпе: Гинеколог кабинеті жұмыс істейтін әйелдердің тізімдегі саны 1200 адамнан кем болмағанда көзделеді. Бір гинеколог кабинеті қызмет көрсететін адамдардың саны – 2400 адамнан артық емес. Фельдшерлік денсаулық пунктінің құрамында гинеколог кабинеті бар болғанда әйелдердің жеке гигиенасы үй-жайы көзделеді.

3-кесте

Жалпы зауыттық дәрігерлік денсаулық пункттері үй-жайларының құрамы мен аудандары

Ескерту. 3-кестеге өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.09.2022 № ҚР ДСМ-108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

		Ауданы, м ²
--	--	------------------------

№	Дәрігерлік денсаулық пункттерінің үй-жайлары	жарақат емдеу пункттері санаттары		жарақат емдеу пункттері санаттары
		I	II	
1	2	3	4	5
1	Күту және тіркеу орны бар вестибюль	24	18	15
2	Таңып-байлау бөлмесі - таза және ірінді	36 (2 үй-жай)	36 (2 үй-жай)	16
3	Науқастарды қабылдау кабинеттері	48 (4 үй-жай)	24 (3 үй-жай)	12
4	Физиотерапия бөлмесі	24	18	12
5	Стоматолог кабинеті	24 (2 үй-жай)	12	12
6	Емшара кабинеті	18	12	-
7	Науқастардың уақытша болу бөлмесі	12	9	9
8	Денсаулық пункті меңгерушісінің кабинеті	9	9	-
9	Гинеколог кабинеті 1)	12	9	-
10	Дүңгіршегі бар дәрілік нысандар қоймасы	9	9	6
11	Автоклав пен таңып-байлау материалдарына арналған үй-жай	9	9	9
12	Медициналық жабдық қоймасы	6	6	6
13	Тамбурда қол жуғышы бар дәретхана	1 унитазға		
14	Себезгі	1 себезгі торына		

Ескертпе: Дене күші әлсіреген адамдардың және мүгедектігі бар адамдардың еңбегін пайдалану мүмкіндігі көзделген кәсіпорындарда дәрігерлік денсаулық сақтау пунктінің үй-жайлары құрамы жұмыс істейтін адамдардың мүгедектігін, ауру тобын және еңбекке қабілеттілікті жоғалту дәрежесін есепке ала отырып, жергілікті денсаулық сақтау органдарының келісімі бойынша толықтырылады.

4-кесте

Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар құрамы

№	Өндірістік процестер тобы	Процестердің санитариялық сипаттамасы	Адамдардың есептік саны		Гардероб түрі, бір адамға бөлімше саны	Киімді арнайы өңдеу
			1 себезгі торына	1 қранға		
1	2	3	4	5	6	7
1	1	Қауіптілігі 3 және 4-сыныпты заттар тудыратын дененің және арнайы киімнің;				
	1-а	тек қолдың;	25	7	жалпы, бір бөлімше	
	1-б	арнайы жуу құралдарын қолданбастан кететін дененің және арнайы киімдердің;	15	10	жалпы, бір бөлімше	
	1-в	жуу құралдарын қолдана отырып денелер мен арнайы киімдердің ластану процестері;	5	20	бөлек, бір бөлімшеден	арнайы киімді химиялық тазарту
2	2	Жылудың молдығы немесе қолайсыз метеорологиялық жағдай айларда өтетін процестер:				
	2-а	конвекциялық жылу мол болғанда	7	20	жалпы, екі бөлімше	салқындатуға арналған үй-жай
	2-б	сәулелі жылу мол болғанда	3	20	жалпы, екі бөлімше	салқындатуға арналған үй-жай, жартылай себезгілер арнайы киім мен аяқ киімді кептіру

	2-в	киім мен аяқ киімнің ылғалдануын тудыратын ылғалдың әсеріне байланысты	5	20	екі бөлек бөлімше	жылытуға арналған үй-жай, арнайы киім мен аяқ киімді кептіру
	2-г	ауа температурасы +10С және одан төмен болғанда, ашық ауадағы жұмыстарды қоса алғанда	5	20	екі бөлек бөлімше	
3	3	Қауіптілігі 1 және 2-сыныпты заттармен, сондай-ақ ауыр иісі бар заттармен дененің және арнайы киімнің ластануын тудыратын процестер:				
	3-а	әдетте тек қолдардың ластануын тудыратын дене мен арнайы киімнің ластануын тудыратын процестер	7	10	жалпы, бір бөлімше	химиялық тазарту
	3-б	ластануын тудыратын процестер	3	10	екі бөлек бөлімше	арнайы киімді сақтау орнын жасанды желдету, дезодорациялау
4	4	Өнім сапасына, арнайы киімді сақтауды ұйымдастыруға, сондай-ақ жұмыс алдында арнайы киім мен денені өңдеуге қойылатын ерекше санитариялық			-	қолданыстағы нормативтік құқықтық

	эпидемиологиялық немесе технологиялық талаптары бар өндірістік процестер			актілерге сәйкес
--	--------------------------------------------------------------------------	--	--	------------------

Ескертпе:

1) өндірістік процестердің түрлі топтарының белгілері үйлескен жағдайда гардероб, себезгі бөлмелері мен қол жуғыштар түрлері барынша жоғары талаптар бар топтар бойынша, ал арнайы тұрмыстық және құрылғылар жиынтық талаптар бойынша көзделеді;

2) 1-а тобы процестерінде тиісті негіздеме болғанда себезгі бөлмелері көздемеуге болады;

3) арнайы киім мен аяқ киімнің шаң болуын тудыратын кез келген процестерде оларды шаңнан тазартатын үй-жайлар мен құрылғылар көзделеді;

4) блок-контейнерлерден тұратын оңтайлы ғимараттарда себезгі торларының есептік санын 40%-ға дейін азайтуға жол беріледі;

5) инфекцияланған және радиоактивті материалдармен, сондай-ақ қауіпті заттармен жұмыс кезінде тері арқылы түскенде санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар қолданыстағы НҚА-ға сәйкес жобаланады.

"Өндірістік максаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 3-қосымша

1-кесте

Иондаушы сәулеленудің нормаланатын параметрлері

№	Сәулеленуге ұшырайтын адамдардың санаты	Үй-жайлар мен аумақтардың тағайындалуы	Сәулелену ұзақтығы сағат-жыл	Эквиваленттік дозаның жобалық қуаты сағатына микроЗиверт (мкЗв/сағ)
1	2	3	4	5
1	А санаты	Сәулелену көздерімен (радиометриялық, өлшеп-орау, жуу) жұмыс кезінде персонал тұрақты болатын үй-жайлар	1700	6,0
2	Б санаты	Персонал уақытша болатын үй-жай	850	12,0

3	Халық	Б тобының персоналы бар объектінің үй-жайлары мен СҚА аумағы	2000	1,2
		Кез келген басқа үй-жайлар мен аумақтар	8800	0,06

Ескертпе: кестеде объектілерде бар техникалық сәулелену көздері дозасы қуатының мәндері келтірілген. Эквивалентті дозаның өлшенетін мәнінен тиімді мәндерге ауысуы әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады.

"Өндірістік мақсаттағы
ғимараттарға және
құрылыстарға қойылатын
санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
4-қосымша

1-кесте

Өндірістік объектілердегі табиғи немесе механикалық желдету

№	Табиғи желдетілетін үй-жай	Табиғи желдетілмейтін үй-жай			Ішке тарту жүйелері
		Шығыс			
	1 адамға сағатына текше метрмен шығын (бұдан әрі – м ³ /сағ)	1 адамға м ³ /сағ	жалпы саны	Жалпы ауа алмасу пайызы (бұдан әрі - %), артық емес	
1	2	3	4	5	6
1	30 (1 адамға шаққанда үй-жай көлемі 20 текше метрден (бұдан әрі - м ³) кем болғанда)	60	1		Ауа алмасудың сағатына 10 және одан аз жиілігі кезінде рециркуляциясыз немесе рециркуляциямен
2	20 (1 адамға шаққанда үй-жай көлемі 20 м ³ және одан артық болғанда)	60 90 120	- - -	20 15 10	Жалпы ауа алмасудың сағатына 10-нан аз еселігінде рециркуляциямен

Ескертпе: табиғи желдетусіз үй-жайды сыртқы қабырғасында ашылатын терезелері мен ойықтары жоқ үй-жайларды немесе терезелерінің жалпы ауданы 20 %-дан кем ашылатын терезелері мен ойықтары бар, сондай-ақ үй-жайдың биіктігінен 5 есе асатын қашықтықта орналасқан, ашылатын терезелері бар үй-жайлар аймағы деп түсіндіріледі.

"Өндірістік мақсаттағы
ғимараттарға және
құрылыстарға қойылатын
санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
5-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде өндірістік объектілерге, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін объектілерге қойылатын талаптар

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Өндірістік мақсаттағы
ғимараттарға және
құрылыстарға қойылатын
санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
6-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін объектілер жұмыскерлерінің шығуына (келуіне) қойылатын талаптар

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.